КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 22 қыркүйек № 1112-25-00-2/2408 іс Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.С.Бегенбаева қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Ақмола облысының Төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕРЛЕР:
жеке кәсіпкер Нұрғали Гаухар Талғатқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2.Тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 147 бабын басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Ақмола облысының Төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер Нұрғали Гаухар Талғатқызына мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Нұрғали Гаухар Талғатқызы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Нұрғали Гаухар Талғатқызынан мемлекеттік пайдасына 36 519 (отыз алты мың бес жүз он тоғыз) теңге тұрақсыздық айыбын, 3 062 (үш мың алпыс екі) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А.С.Бегенбаева**

Документ подписан: Бегенбаева А. С., 22.09.2025

Дата вступления в законную силу: 30.10.2025, судья Бегенбаева А. С., 30.10.2025

«Төрелік» ақпараттық жүйесі - Сот өндірісі - Информационная система «Төрелік» - Судопроизводство -

1112-25-3-1/2338